Табиғи газ өзінің орасан зор қорлары мен барлау технологияларының жылдам дамуының арқасында келешекте мұнайға балама көзі ретінде қолданылатын болады (Lu, 2015). Қазіргі уақытта метанды кәдеге жарату арқылы бағалы өнімдерді алу бағытындағы үрдістер қарқынды дамуда. Бүгінгі таңда табиғи газдың әлемдік қорының үздіксіз өсу тенденциясы байқалады және әлем бойынша жалпы қоры шамамен 198,8 трлн текше метрге бағаланады (Statistical Review of World Energy, 2020). Осыған байланысты әлемнің көптеген ғылыми-зерттеу ұйымдары химия және мұнайхимия өнеркәсібіндегі негізгі өнім болып табылатын табиғи газды синтез-газға түрлендіруде белсенділігі жоғары және селективті катализдік жүйелерді жасауға қызығушылық танытуда. Соңғы онжылдықтың көлемінде тақтатас газын өндірудің артуы метанды құнды химиялық заттарға немесе сұйық отынға айналдыруға деген қызығушылықтың қайта жандануына себеп болды. Метанды катализдік өңдеу арқылы сұйық отын мен химиялық заттарды өндіруде қолдануға болатын аралық өнім ретіндегі синтез-газды алу метанды кәдеге жаратудың маңызды жолдарының бірі болып табылады. Сутегі мен көміртегі монооксидінің қоспасы (H_2 және CO) болып табылатын синтез-газ спирттер, пластмассалар және ұзын тізбекті көмірсутектер сияқты көміртек негізіндегі әртүрлі отын мен химиялық заттарды синтездеуде химиялық компонент ретінде қолданылады (Koo және т.б., 2018). Басқа отын көздерімен салыстырғанда табиғи газ сутек өндірісінде қолданылатын бастапқы ең арзан шикізат түрлерінің бірі болып табылады (Ghareghashi және т.б., 2017).

Тәжірибелік бөлім. Жүргізілген зерттеулер барысында катализаторлар тасымалдағышқа отырғызу және ерітіндіде жану әдістерімен дайындалды (Tungatarova және т.б., 2019; Zhumabek және т.б., 2021; Tungatarova және т.б., 2019).

Катализаторлар ерітіндіде жану әдісімен (шетелдік журналдарда solution combustionsynthesis (SCS) деген атпен белгілі) дайындалды. Дайындалған үлгілердің құрамында әр түрлі мөлшерде металл нитраттары бар катализаторлардың сериясы дайындалды. Бұл тұздар алдын-ала ұнтақталып, содан кейін фарфор ыдысында араластырылды. Араластырылған тұздың қоспасына 80 °С-қа дейін қыздырылған

10 мл дистилденген суды біртіндеп қостық. Бастапқы 10 мл дистилденген су қосылған тұздардың қоспасы толығымен ерігенше бірнеше минут бойы ауада араластырылды.

Катализаторды синтездеу үшін муфель пеші алдын-ала қажетті температураға дейін (біздің жағдайда 500 °С) қыздырылды. Дайындалған ерітіндінің қоспасы фарфор ыдысынан 250 мл ыстыққа төзімді шыны стаканға құйылды және қыздырылған муфель пешінің ішіне енгізілді, синтез кезінде температураның өзгеруін бақылау үшін термопаралар орнатылды. Жану барысында пештегі қоспа стаканның қабырғаларымен көтеріледі. Содан кейін стакан ауада салқындатылып, дайын болған катализатор арнайы жабылатын шыны ыдыстарға салынды.

Катализаторларды тасымалдағыштарға сіндіру әдісімен дайындау үшін металдардың азот қышқылды тұздарының ерітінділері, ал тасымалдағыш ретінде әртүрлі табиғи және синтетикалық тасымалдағыштар қолданылды. Тасымалдағыштар алдын-ала 300 °С температурада 2 сағат бойы кептіріліп, содан кейін олардың ылғал сыйымдылығы анықталды.

Термобағдарламаланған десорбция әдісі алдын-ала зонд молекулаларының адсорбциясы жүзеге асырылған қатты заттардың бетіндегі әртүрлі сипаттағы қышқылды-негізді орталықтарды сандық сипаттауға мүмкіндік береді. Оттегінің термодесорбциясы термиялық бағдарламаланған тотығуға қарама-қарсы процеске негізделген, бұл әдіспен белсенді беттің тотығу-тотықсыздану қасиеттері сипатталады. Әртүрлі өнімдердің адсорбцияланған молекулаларының конверсиясының термодесорбциясы катализаторлардың әсер ету механизмдерін зерттеу үшін қолданылды.

ТБД модельінде, оның ішінде сандық есептеулер жүргізгенде, әр хемосорбцияланған зонд молекуласының бетінде бір қышқылды-негізді орталық орналасады деген болжамға негізделген. Осындай орталықтанған беттегі X(бет) зонд молекулаларының десорбциясын Y(g) жалпы түрде (1) теңдеумен өрнектеуге болады:

$$X-Y_{(бет)} = X_{(бет)} + Y_{(г)} \quad (1)$$

Десорбциялану мүмкіндігінің термодинамикалық өлшемі - Гиббс энергиясының теріс шамасы болып табылады:


$$\Delta_{дес}G = \Delta_{дес}H_0 - T \times \{\Delta_{дес}S_0 - R \cdot \ln pY\} < 0 \quad (2)$$

Адсорбциялану сатысында үрлегеннен кейін және ТБД басталғанға дейін жүйедегі қалдық қысым Y(г) физикалық адсорбцияланған молекулалардың десорбциясымен байланысты, ол үшін термиялық белсендіру жүргізу қажет емес, ал қыздыру барысында – хемосорбцияланған зонд молекулаларының десорбциясы кезінде қажет болады.

Термобағдарламаланған десорбциялану әдісімен негізінен атмосферада сутегі тотықсыздандырылғаннан кейін изотермиялық жағдайда реакциялық

газбен (аммиак, көміртегі оксиді және басқа да газдармен) қаныққан алдын ала дайындалған үлгілер зерттеледі. Қанықтыру үрдісі таза реакциялық газды да, инертті сұйылтылған реакциялық газды да қолдана отырып жүргізілуі мүмкін. Белгілі бір уақыт ішінде қаныққаннан кейін үлгіні инертті газбен, әдетте гелиймен үрлеп, алдын ала белгіленген қыздыру жылдамдығымен қыздырады. Үлгінің бетінде десорбцияланатын газ жылуөткізгіштік бойынша детектормен тіркеліп отырады.

ТБД қондырғысының негізгі бөліктері пешке орналастырылған құбырлы реактор және катарометрден тұрады. Үлгілерді зерттеу Ресейлік автоматтандырылған «Хемосорб» анализаторында жүргізілді. тәжірибенің жүргізілу шарттары туралы мәліметтерді енгізуге арналған «Хемосорб» анализаторы бағдарламасының терезесі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 - «Хемосорб» анализаторы бағдарламасының негізгі терезесі

Анализатордың жұмыс істеуінің шарттары келесі жағдайларға арналған: қоршаған ауаның температурасы 288-ден 303 К-ға дейін (15-тен 30 °С-қа дейін); атмосфералық қысым 84-тен 106,7 кПа-ға дейін (630-дан 800 мм сын.бағ.); 25 °С температурада қоршаған ортаның салыстырмалы ылғалдылығы 98 % - дан жоғары болмайды; ауада коррозия тудыратын агрессивті газдар мен булардың болуы жабық үй-жайлар үшін белгіленген санитарлық нормалардан аспайды; кеңістіктік жағдайы – көлденең (горизонтальды) болуы керек; тікелей күн сәулелерінің әсері болмауы тиіс; Айнымалы тоқ желісімен қоректендіру кернеулігі (220 ± 22–33), ал жиілігі (50 ± 1) Гц аралығында болады.


Нәтижелер және талқылау

Оттегінің температуралы-бағдарламаланған десорбциясы (ОТБД) әдісімен 300°С кезінде оттегімен адсорбцияланғаннан кейінгі келесі катализаторлардың бетіндегі оттегінің жағдайы зерттелді:

3 % Со – 41 % Mg – 3 % Al – 3 % Mn/50 % карбамид,
20 % Со – 5 % Mg – 20 % Al – 5 % Mn/50 % карбамид,

41 % Co – 3 % Mg – 3 % Al – 3 % Mn/50 % карбамид.

Оттегінің термодесорбциялану әдісін қолдана отырып, элементтердің қатынасы мен концентрациясы өзгертілген Co-Al-Mg-Mn катализаторларымен оттегінің өзара әрекеттесуінің зерттеу нәтижелері 2-суретте және 1-кестеде келтірілген. Суреттен 3 % Co + 3 % Al + 41 % Mg + 3 % Mn/50 % карбамид катализаторынан оттегінің аз мөлшерде бөлінуі температураның кең аймағында (420–850 °C) жүзеге асқандығын көруге болады.



1) 3 % Co – 41 % Mg – 3 % Al – 3 % Mn/50 % карбамид, 2) 20 % Co – 20 % Al – 5 % Mg – 5 % Mn/50 % карбамид, 3) 41% Co – 3 % Mg – 3 % Al – 3 % Mn/50 % карбамид.

Сурет 2 - Катализаторлар оттегімен адсорбцияланғаннан кейінгі (T=300°C) оттегінің термодесорбциялық спектрлері

Катализатордың құрамындағы Co концентрациясын 3 % - дан 20 % - ға дейін жоғарылатқан кезде оттегі катализатормен бір шың түрінде, 20 % Co – 3 % Al – 3 % Mg – 3 % Mn/50 % карбамид катализаторында 525–850 °C аралығында, ал ең жоғары $T_{\text{макс.}}^1 = 635$ °C температурада бір шың түрінде десорбцияланды.


Ары қарай, катализатордың құрамындағы Co концентрациясын 41%-ға дейін жоғарылатқанда төмен температуралы (425–575 °C) аймақта ең жоғары $T_{\text{макс.}}^1 = 495$ °C болатын әлсіз байланысқан оттегі мөлшерінің едәуір артуына, ал жоғары температуралы (675–890 °C) аймақта ең жоғары $T_{\text{макс.}}^2 = 795$ °C болатын тығыз байланысқан оттегі мөлшерінің едәуір артуына әкелді. Сонымен бірге, 41 % Co - 3% Al – 3 % Mg – 3 % Mn катализаторында десорбцияланған оттегінің мөлшері екінші жоғары температуралы десорбция аймағында өсті және сонымен бірге максималды десорбция жылдамдығының температурасы жоғары температура аймағына 160 °C -ға ауысты. 20 % Co – 5 % Mg – 20 % Al – 5 % Mn/50 % карбамид катализаторына қарағанда катализатора 41 % Co – 3 % Mg – 3 % Al -3 % Mn катализаторында десорбцияланған оттегінің мөлшері жоғары болды.

Кесте 1 – Оттегімен адсорбцияланған катализаторлардың термодесорбциялық және энергетикалық сипаттамалары

Катализаторлар	$T_{\text{адс.}}^?$ °C	$T_{\text{интервал}}^?$ °C	$T_{\text{макс.}}^?$ °C	Адсорбцияланған оттегінің мөлшері, 1×10^6 мкл/г	$E_{\text{дес.}}^?$ кДж/моль
3% Co - 41% Mg - 3% Al - 3% Mn	300	420-680	537	0,044	41,03
		435-735	595	0,048	
		600-850	700	0,037	

20% Co - 5% Mg - 20% Al - 5% Mn	300	525-850	635	0,5	28,1
				0,6	
41% Co - 3% Mg - 3% Al 3% Mn	300	425-575	495	0,12	35,2
		675-890	795	0,13	
20% Co - 5% Mg - 20% Al - 5% Mn (тәжірибеден кейінгі)	300	400-675	550	0,45	25,2
		650-900	772	0,49	

Сонымен, алынған ТБД мәліметтері бойынша 20 % Co – 5 % Mg – 20 % Al – 5 % Mn/50 % карбамид катализаторы O_2 — мен өзара әрекеттескеннен кейін байланысының беріктігімен ерекшеленетін адсорбцияланған оттегінің 2 түрі анықтады. Бірінші формаға физикалық адсорбцияланған O_2 -ні ($E_{\text{дес}} = 28,1$ кДж/моль), ал екіншісіне тығыз байланысқан оттегіні ($E_{\text{дес}} = 59,6$ кДж/моль) жатқызуға болады.



- 1) 20 % Co – 5 % Mg – 20 % Al – 5 % Mn/50 % карбамид (бастапқы), 2) 20 % Co – 5 % Mg – 20 % Al – 5 % Mn/50% карбамид (тәжірибеден кейінгі).

Сурет 3 - Катализаторлар оттегімен адсорбцияланғаннан кейінгі ($T=300$ °C) оттегінің термодесорбциялық спектрлері


Термодесорбция әдісін қолдана отырып 300 °C-та оттегінің катализаторлармен (20 % Co – 5 % Mg – 20 % Al – 5 % Mn/50 % карбамид (бастапқы) және 20 % Co – 5 % Mg – 20 % Al – 5 % Mn/50 % карбамид (тәжірибеден кейінгі) өзара әрекеттесіп, адсорбциялануының нәтижелері 3 – суретте көрсетілген. Тәжірибеден кейінгі алынған катализатор үшін 2 шың анықталды: төмен температура аймағында 400–675 °C аралығында әлсіз байланысқан оттегі үшін $T^1_{\text{макс.}} = 550$ °C, ал жоғары температура аймағында 650–900 °C тығыз байланысқан оттегі үшін $T^2_{\text{макс.}} = 772$ °C екендігі анықталды. Десорбцияның екінші жоғары температуралы аймағында пайдаланылған катализаторда десорбцияланған оттегінің мөлшері артты және бір мезгілде десорбциялану температурасы жоғары температуралы аймаққа ауысты.

Сонымен, ТБД оттегі әдісімен Co-Al-Mg-Mn катализаторларында тотығу үрдістерінің реакцияларында маңызды рөл атқара алатын оттегінің адсорбцияланатын екі орталығы бар екендігі анықталды. Парциалды тотығу реакцияларында оттегінің берік байланысқан түрі (жоғары температуралы аймақтағы шың) реакцияға түсуге қабілетті болып табылады.

Оттегімен температуралы-бағдарламаланған әдіс бойынша 300 °С температурада оттегінің адсорбциясынан кейін судың концентрациясын өзгерту (15 мл-ден 100 мл-ге дейін) арқылы келесі катализаторлардың бетіндегі оттегінің күйі зерттелді:

- 10 % Ni – 35 % Al – 5 % Mg/50 % карбамид + 15 мл H₂O,
- 10 % Ni – 35 % Al – 5 % Mg/50 % карбамид + 50 мл H₂O,
- 10 % Ni – 35 % Al – 5 % Mg/50 % карбамид + 100 мл H₂O.

Алынған нәтижелер 4-суретте және 2 кестеде келтірілген:



а) 15 мл H₂O, б) 50 мл H₂O, в) 100 мл H₂O.

Сурет 4 - Катализаторлардың 300°С-та оттегімен адсорбциялағаннан кейінгі оттегімен термодесорбциялық спектрлері


10 % Ni + 35 % Al + 5 % Mg/50 % карбамид (15 мл және 100 мл H₂O) катализаторларында жасалынған оттегінің ТБД спектрлері бірдей екенін көруге болады. Алынған спектр нәтижелерінен 295–450 °С ($T_{\text{макс.}}^I = 355$ °С) және 350–590 °С ($T_{\text{макс.}}^{II} = 455$ °С) аралығында әлсіз шыңдарды байқауға болады. 10 % Ni + 35 % Al + 5 % Mg/50 % карбамид катализаторына 50 мл H₂O қосқан кезде десорбцияланған оттегінің мөлшері күрт артады және ең жоғары шыңдар 358, 453 °С-та сақталатындығын 4-суреттен көруге болады.

Кесте 2 – Катализаторлардағы адсорбцияланған оттегінің термодесорбциялық және энергетикалық сипаттамалары

Катализаторлар	T _{алс.} , °С	T _{интервал} , °С	T _{макс.} , °С	Адсорбцияланған оттектің мөлшері, 1×10 ⁶ мкл/г
10% Ni - 35% Al - 5% Mg + 15 мл H ₂ O	300	295-380	355	0,5
		400-550	455	1,7
10% Ni - 35% Al - 5% Mg + 50 мл H ₂ O	300	300-450	358	4,1
		375-590	453	6,4
10% Ni - 35% Al - 5% Mg + 100 мл H ₂ O	300	290-400	355	1,4
		375-575	455	1,7
10% Ni - 35% Al - 5% Mg + 15 мл H ₂ O (тәжірибеден кейінгі)	300	330-575	413	3,3
		610-800	750	3,5

10 % Ni + 35 % Al + 5 % Mg/50 % карбамид + 50 мл H₂O катализаторлары үшін төмен температуралы аймақта әлсіз байланысқан оттегінің және жоғары температура аймақта берік байланысқан оттегінің айтарлықтай өсуі байқалады. Десорбцияланған оттегінің мөлшері 2,2–3,1-ден $10,5 \times 10^6$ мкл/г-ға дейін артады. Төмен температуралы аймақтағы десорбция әлсіз байланысқан оттегіге жатады, ал жоғары температуралы аймақта кездесетін шын оксидтердің ыдырауымен байланысты.

Құрамындағы элементтердің қатынасы мен концентрациясы өзгертілген Ni-Al-Mg-Mn катализаторлары 300 °C-та оттегімен адсорбцияланғаннан кейін оттегімен термодесорбциялану әдісін қолдана отырып катализаторлардың оттегімен әрекеттесуін зерттеу нәтижелері 5-суретте және 3-кестеде көрсетілген.



Сурет 5 - 300°C-та оттегімен адсорбцияланғаннан кейінгі катализаторлардан термодесорбцияланған оттегінің спектрлері

Зерттеу барысында 10 % Ni – 40 % Al және 30 % Ni – 10 % Al – 5 % Mg – 5 % Mn катализаторларында оттегінің ең аз мөлшері десорбцияланғандығын 350 °C және 450 °C температурада әлсіз максимумдар түрінде бейнеленгенін 5 - суреттен көруге болады. Катализаторлардың құрамындағы алюминийдің концентрациясын 40 %-дан 3 %-ға дейін азайтқанда, десорбцияланған оттегінің мөлшері 3,1-ден $14,6 \times 10^6$ мкл/г-ға дейін едәуір артады. 300 °C-та оттегімен адсорбцияланғаннан кейін оттегінің ең көп мөлшері 20 % Ni + 20 % Al + 5 % Mg + 5 % Mn катализаторында десорбцияланғаны анықталды.

Адсорбцияланған оттегінің десорбциялануы 300–575 °C аралығында жүрді, ал температура 410 °C және 465 °C болғанда максимум арқылы өтті. Жалпы десорбцияланған оттегінің мөлшері $57,9 \times 10^6$ мкл/г құрады.

Кесте 3 – Катализаторлардағы адсорбцияланған оттегінің термодесорбциялық және энергетикалық сипаттамалары

Катализаторлар	$T_{\text{адс.}}, ^\circ\text{C}$	$T_{\text{интервал}}, ^\circ\text{C}$	$T_{\text{макс.}}, ^\circ\text{C}$	Адсорбцияланған оттегінің мөлшері, 1×10^6 мкл/г
41% Ni - 3% Al - 3% Mg - 3% Mn	300	275-500	400	6,8
		350-640	475	7,4
30% Ni - 10% Al - 5% Mg - 5% Mn	300	275-440	350	1,3
		360-550	450	1,8
20% Ni - 20% Al - 5% Mg - 5% Mn	300	300-525	410	26,8
		355-575	465	31,1
10% Ni - 30% Al - 5% Mg - 5% Mn	300	300-500	410	7,2
		310-600	470	7,9

Қорытынды

Сонымен, 300°C -та құрамындағы элементтердің қатынасы мен концентрациясы әр түрлі Ni - Al - Mg - Mn катализаторлары оттегімен адсорбцияланғаннан кейін ТБД әдісімен оттегінің катализаторлармен әрекеттесуі зерттелді. Ni - Al - Mg-Mn катализаторларымен адсорбцияланған оттегінің адсорбциялық және энергетикалық сипаттамалары анықталды. ТБД бойынша алынған мәліметтерден оттегімен адсорбцияланғаннан кейін катализаторлардан өнімдердің десорбциялануы бір-бірінен екі шың түрінде: негізінен $T_{\text{макс}}$ және десорбцияның температуралық аралықтарымен ерекшеленетін болады. SCS әдісімен дайындалған катализаторлар метанның тотығу және көмірқышқылды конверсиялануы үрдісінде жоғары нәтижелер көрсетті. Алынған физика-химиялық нәтижелерді жинақтап, мәліметтерді талдау нәтижесінде үрдістің көрсеткіштерін арттыру мақсатында одан әрі тереңірек зерттеулер жүргізу үшін мүмкіндіктер бар екендігі анықталды. SCS әдісімен дайындалған катализаторларда шпинельдердің түзілуі ерітіндіде жану әдісі барысында температура мен суыту жылдамдығының жоғары болуынан катализаторлардың белсенді орталықтары ретінде әрекет ететін SCS катализаторларында дефектілі құрылымының пайда болуына әкеледі.

REFERENCES

- Allen M.R., Frame D.J., Huntingford C., Jones C.D., Lowe J.A., Meinshausen M., Meinshausen N. (2009). Warming caused by cumulative carbon emissions towards the trillionth tonne. — *Nature*. 458, — 1163–1166. (in Eng.), — <https://doi:10.1038/nature08019>
- Davidson D.J. (2019). Exnovating for a renewable energy transition. — *Nature Energy*. 4, — 254–256. (in Eng.), — <https://doi:10.1038/s41560-019-0369-3>
- Fouquet R. (2016). Historical energy transitions: Speed, prices and system transformation. *Energy Research Social Science*. 22, — 7–12. (in Eng.), — <https://doi:10.1016/j.erss.2016.08.014>
- Ghareghashi A., Shahraki F., Razzaghi K., Ghader S., Torangi M.A. (2017). Enhancement of gasoline selectivity in combined reactor system consisting of steam reforming of methane and Fischer-Tropsch synthesis. *Korean Journal of Chemical Engineering*. — 34, — 87–99. (in Eng.), — <https://doi:10.1007/s11814-016-0242-z>
- Hakawati R., Smyth B.M., McCullough G., De Rosa F., Rooney D. (2017). What is the most energy

efficient route for biogas utilization: Heat, electricity or transport. *Applied Energy*. — 206. — 1076–1087. (in Eng.), — <http://dx.doi.org/10.1016/j.apenergy.2017.08.068>

Koo H.M., Park M.J., Moon D.J., Bae J.W. (2018). Kinetic models of Fischer-Tropsch synthesis reaction over granule-type Pt-promoted Co/Al₂O₃ catalyst. *Korean Journal of Chemical Engineering*. — 35, — 1263–1273. (in Eng.), — <https://doi.org/10.1007/s11814-018-0032-x>

Lu S-M. (2015). A global survey of gas hydrate development and reserves: specifically in the marine field. *Renewable and sustainable energy reviews*. — 41. — 884–900. (in Eng.), — <https://doi:10.1016/j.rser.2014.08.063>

Matthews H.D., Gillett N.P., Stott P.A., Zickfeld K. (2009). The proportionality of global warming to cumulative carbon emissions. *Nature*. — 459. — 829–832. (in Eng.), — <https://doi:10.1038/nature08047>

Statistical Review of World Energy. (2020). 69th edition. 65. Full report – BP Statistical Review of World Energy — 2020

Tungatarova S., Baizhumanova T., Zheksenbaeva Z., Zhumabek M., Kaumenova G., Aubakirov Y., Begimova G. (2019). Nanosized Composite Pt-Ru Catalysts for Production of Modern Modified Fuels. *Chemical Engineering Technology*. — 42 (4), — 918–924. (in Eng.), — <https://doi:10.1002/ceat.201800522>

Tungatarova S., Xanthopoulou G., Baizhumanova T., Zhumabek M., G. Kaumenova G., Massalimova B., Shorayeva K. (2019). Catalytic methane reforming into synthesis-gas over developed composite materials prepared by combustion synthesis. *Reaction Kinetics, Mechanisms, and Catalysis*. — 126 (2). — 645–661. (in Eng.), — <https://doi.org/10.1007/s11144-019-01541-9>

Zhumabek M., Xanthopoulou G., Tungatarova S.A., Baizhumanova T.S., Vekinis G., Murzin D. (2021). Biogas reforming over Al-Co catalyst prepared by solution combustion synthesis method. *Catalysts*. — 11 (2), — 1–16. (in Eng.), — <https://doi:10.3390/catal11020274>

CONTENTS

A. Abdullin, N. Zhanikulov, B. Taimasov, E. Potopova, A. Raisova
INVESTIGATION OF THE MICROSTRUCTURE OF SYNTHESIZED
ZINC-PHOSPHATE CEMENT CLINKER.....7

G.F. Sagitova, N.B. Ainabekov, Yu.A. Nifontov, N.M. Daurenbek
SELECTION OF RAW MATERIALS FOR THE PRODUCTION OF BITUMEN
MATERIALS BASED ON LOCAL RESOURCES.....19

Kh. Akimzhanova, A. Sabitova, Zh. Kairbekov, B. Mussabayeva, B. Bayahmetova
CHEMICAL CHARACTERISTIC OF THE BLACK AND WHITE MUD
OF THE SHOSHKALY LAKE.....31

**A.S. Auyezkhanova, D.E. Zhanuzak, A.I. Jumekeyeva, Zh.K. Korganbaeva,
A.A. Naizabayev**
CHITOSAN-STABILIZED CATALYSTS FOR CYCLOHEXANE OXIDATION
TO KA-OIL.....44

Ya.A. Vissurkhanova, L.K. Abulyaissova, N.M. Ivanova, B.F. Minaev
MOLECULAR SIMULATION OF THE INTERACTION OF POLYVINYL
ALCOHOL WITH POTENTIAL ACTIVE CENTERS OF COPPER (II)
OXIDE SURFACE.....54

E.A. Gabrilyants, R.S. Alibekov, G.E. Orymbetova
DEVELOPMENT OF CAMEL MILK CHEESE TECHNOLOGY
AND RESEARCH OF QUALITATIVE CHARACTERISTICS.....69

**G.T. Yelemessova, L.K. Orazzhanova, A.N. Klivenko, N.N. Nurgaliyev, A.Ye.
Ayazbayeva, A.V. Shakhvorostov**
SYNTHESIS AND CHARACTERIZATION OF PREFORMED PARTICLE
GELS (PPG) TO INCREASE OIL RECOVERY.....79

E.A. Zhakmanova, G.Zh. Seytenova, R.M. Dyusova
REVIEW OF THE CURRENT STATE OF APPLICATION OF MATHEMATICAL
MODELING METHODS FOR THE PURPOSE OF OPTIMIZING REFINERIES
IN KAZAKHSTAN AND ABROAD.....92

**M. Zhumabek, K. Kassymkhan, R.O. Sarsenova, Zh. Tynybek, S.A. Tungatarova,
Z.T. Zheksenbaeva**
INVESTIGATION OF CATALYSTS OF THE CATALYTIC PROCESSING
OF NATURAL GAS METHANE INTO SYNTHESIS GAS VIA
TEMPERATURE-PROGRAMMED DESORPTION.....103

M. Ibrayeva, N. Duzbayeva, Zh. Mukazhanova, K. Kabdysalym, Achyut Adhikari ISOLATION OF FLAVONOIDS BY HIGH-PERFORMANCE LIQUID CHROMATOGRAPHY FROM PLANT OF GENUS THYMUS SERPYLLUM L.	116
B. Imangaliyeva, B. Dossanova, G. Rakhmetova, A. Apendina, I. Nurlybaev FEATURES AND CHEMICAL PROPERTIES OF ANTHOCYANINS.....	124
B.Zh. Iskendirov, G.F. Sagitova, S.B. Kurbanova, G.F. Aitimbetova, A.S. Sadyrbayeva DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY FOR PROCESSING RESIDUES FROM THE DISTILLATION OF A MIXTURE OF OILS AND GAS CONDENSATES.....	144
X.A. Leontyeva, D.S. Puzikova, G.M. Khussurova, P.V. Panchenko, A.K. Galeyeva ELECTROCHEMICAL DEPOSITION OF BISMUTH SULFIDE THIN FILMS.....	158
M.M. Mataev, M.A. Nurbekova, B. Keskin, Z.B. Sarsenbayeva SYNTHESIS AND PHYSICO-CHEMICAL PROPERTIES OF POLYCRYSTAL $\text{FeMnO}_3\text{-Ho}_3\text{Fe}_5\text{O}_{12}$	173
R. Safarov, Zh. Shomanova, E. Kopishev, Yu. Nossenko, Zh. Bexeitova, R. Kamatov SPATIAL DISTRIBUTION OF PM2.5 AND PM10 POLLUTANTS IN RESIDENTIAL AREA OF PAVLODAR, KAZAKHSTAN.....	181

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

**www.nauka-nanrk.kz
<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>
ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)**

Подписано в печать 30.12.2023.
Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
13,0 п.л. Тираж 300. Заказ 4.